

**"Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар мәселелері бойынша үлгілік шарттардың, өтініш пен сауалнамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 522 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2024 жылғы 5 наурыздағы № 90 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 7 наурызда № 34127 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар мәселелері бойынша үлгілік шарттардың, өтініш пен сауалнамалардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 19 шілдедегі № 522 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 қосымшаның 10 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Осы Шарт \_\_\_\_\_ жылға, бірақ АЭА және ИА құру және \_\_\_\_\_ жұмыс істеу мерзімінен аспайтын мерзімге жасалды.

Бұл ретте АЭА қатысушысымен қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі Заңның 51-бабында белгіленген санаттарға байланысты болады."

5 қосымшаның 6 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Шарттың мерзімі осы арнайы экономикалық аймақ жұмыс істеуі мүмкін мерзімнен аспайды.

Бұл ретте қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі Заңның 51-бабында белгіленген санаттарға байланысты болады."

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік инфрақұрылымды және елішілік құндылықты дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК